

Шетелдік ғылыми жетекшінің пікірі

«Жоғары оқу орындарындағы электронды кітапхананың моделін жасау әдіснамасы (әл-Фараби кітапханасы мысалы негізінде)» атты ғылыми-зерттеу жұмысы академиялық кітапханаларды цифрландыру саласындағы өзекті әрі маңызды зерттеу болып табылады. Бұл жұмыс ақпараттық және білім беру технологиялары саласындағы қазіргі заманғы халықаралық үрдістерге толық сәйкес келеді.

Автор университет деңгейіндегі электронды кітапханалардың эволюциясын бейнелейтін түпнұсқалық тұжырымдамалық модель ұсынған. Бұл модельге университеттің ақпараттық жүйесі мен жазылмалы деректер базаларымен интеграциялау, сондай-ақ зияткерлік іздеу ортасын қалыптастыру сияқты жаңашыл элементтер енгізілген. Ұсынылған модель халықаралық тәсілдер мен онтологиялық модельдердің (CIDOC CRM, DELOCE DLRM, 5S framework және DELOS Evaluation Framework) терең талдауы мен бейімделуіне негізделгені ерекше атап өтуге тұрарлық. Бұл зерттеуге берік ғылыми-әдістемелік негіз береді.

Электронды кітапхананың құрылымдық-функционалдық моделін қалыптастыруда аналитикалық ойлау деңгейінің жоғары екендігі және сандық (цифрлық) кітапхана менеджментіндегі халықаралық стандарттар мен үздік тәжірибелерге мұқият көңіл бөлінгені ерекше назар аударады.

Зерттеу теориялық терең талдаумен қатар, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кітапханасы базасында сыналған қолданбалы шешімдерді де қамтиды. Бұл жұмыс нәтижесінің практикалық маңыздылығын және оны басқа білім беру мекемелерінде қолдану мүмкіндігін көрсетеді.

Зерттеудің жоғары ғылыми деңгейі, шетелдік дереккөздерді сауатты пайдалану, сондай-ақ автордың ұлттық ғылыми мұраны жаһандық ақпараттық кеңістікке интеграциялау талпынысы ерекше атап өтілуі тиіс. Жұмыс нәтижелері тек Қазақстан үшін ғана емес, сондай-ақ халықаралық академиялық қауымдастық үшін де қызығушылық тудырады.

Тақырыптың өзектілігін, теориялық тұрғыда терең пысықталғанын, инновациялық көзқарас пен практикалық бағыттылығын ескере отырып, бұл диссертациялық жұмысты жоғары бағалауға лайық деп санаймын, ал авторы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне ұсынылуы тиіс.

Стамбул университетінің
докторы, профессор

